Белгілі композитор, көрнекті жазушы, өнер зерттеушісі, суретші Илья Жақанов ағаға 2022 жылдың қарсаңында «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы беріліп, Ақордада ел басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кеудесіне «Алтын жұлдыз» таққанына көпшілік куә.

Илья ағаның кіндік қаны тамған жері Сарысу ауданының Ақтоғай аулының маңындағы Көлмекөл екені белгілі болса да соңғы жылдары ол Атырау қаласында тұрып жатыр. Бірақ туған жерімен байланыс еш үзілмеген, ағайын-жұртпен хабарласып, ел-жұртта болып жатқан жаңалықтар мен заман тынысымен әркез хабардар. Міне, таяуда Илья аға туған жері Сарысу ауданына атбасын бұрып, 2-3 күн ел-жұртпен қауышты. Аудан орталығы Жаңатастағы Мәдениет үйінде жергілікті тұрғындармен кездесуі өтіп, аудан әкімшілігі мен жерлестері үлкен құрмет көрсетті, аудан өнерпаздары композитордың «Жайлаукөл кештері», «Көлме-көл», «Толағай» және де басқа әндерін нақышына келтіре орындап, киелі де қазыналы Қаратау етегін әсем әнге бөледі. Облыстық мәслихаттың шешімімен И.Жақановқа «Жамбыл облысының Құрметті азаматы» атағы берілді. Жерлестерінің ықыласына риза болған Илья Жақанов «Туған жерден артық еш жер жоқ. Көп нәрсені еске түсіремін. Елге келсем, бірге өскен замандастарымды көріп, дидарласып, қалжыңдасып ерекше сезімге бөленемін. Туған жерін сүймейтін, сағынбайтын жан жоқ шығар бұл өмірде, астанада жүрсең де, Атырауда Еділ жағасында, Бурабайда жүрсең де, мейлі сағаң ең бір жақын көрінетін орын бар, ол сен үшін жердің ең сұлуы – туған жерің. Маған көрсетіп жатқан ықыластарыңызға шексіз ризамын, – деп толқыды.

Илья аға сөз ретінде жергілікті композитор, күйші, әнші Мәди Шәутиев туралы да біраз тың мәлімет айтты.

– Мәди Шәутиев 1909 жылы Жамбыл облысы Сарысу ауданының бұрынғы орталығы Саудакент (Байқадам) ауылының жанындағы Игілік елді мекенінде дүниеге келген. Табиғат берген дарын иесінің тағдыры жеңіл болмаған. Әкесі Шәути ерте өмірден озып, Шәлібек атасының қолында өсіп, жетіледі. Туғанынан зерек болып өскен ол алты жасында арабша хат танып, шебер қолдары домбыра мен сырнайды меңгеріп, нақышына келтіре терме мен ән орындай бастайды. Жігіттік шағы 1930-1933 жылдардағы ашаршылыққа дөп келіп, одан кейінгі 1941-1945 жылдары болған Екінші дүниежүзілік соғыстың шарпуы жас Мәдінің өміріне елеулі әсер етті, қиынқыстау кезеңді басынан өткерді. Он алты жасында шешекпен ауырып, екі көзден айрылып, зағип болып қалады. Кездескен

«ӘН ІЗДЕГЕН АСАН ҚАЙҒЫ»

Мәдени іс-шаралар өткен соң Ілекеңнің Ақтоғайдағы қара шаңырағына соғып, дастарқан басында бірер сәт әңгімелесуге мүмкіншілік таптық.

– Мені Ақселеу Сейдімбеков бірде «Ән іздеген Асан қайғы» дегені бар. Оныcы рас. Ұлттық ән өнерін зерттеу маған бұйырыпты. Бұрындары да Алексей Затаевич, Ахмет Жұбанов, Ақселеу Сейдімбек және басқалар өздерінің мүмкіншілігінше ән, күй тарихтарын зерттеген ғой. Мен де ел-жұртты айлап аралап жүріп, көптеген әннің шығу тарихын, оның авторларын анықтадым. Жинаған-тергенімді сараптап газеттерге ұсынып келемін, кітаптарым да жарық көрді. Біразы әлі де еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстанда», «Ана тілінде» жарияланып келеді, – деп әңгімесін бастады сазгер аға. – Еліміздің Батыс өңіріне қоныс аударуыма сол кездегі Атырау облысының әкімі Иманғали Тасмағамбетов себепкер болды. Ол «Батыс өңірдің әндері мен күйлері терең зерттелмей, баз біреулері тіптен ұмыт болып барады. Илья аға, Атырауға келіп, сол істі жандандырсаңыз орынды болар еді. Бізден қолдау болады» деп өтініш білдірді. Сөйтіп, Атырауға көшіп келдім. Шынында, бұл өңірде мұрты бұзылмаған талай қызықты деректерге, дүниелерге тап болдым. Мысалы, Ресейдің Астрахань жеріндегі қазақтардың өмірі мен өнері жайлы мәлімет тым аз. Онда 180 мыңнан астам қандасымыз тұрады екен. Олар өздерінің атажұртында



тұрып жатыр, басқа жерден ауып, босып келгендер емес. 1920 жылы Ресеймен шекара бөлісте, негізсіз сонда қалып қойған. Ресей нулы, сулы, жері шүйгін, балығы мол жерлерді өздеріне қалдырып, қазаққа шөл, құм жерлерді беріпті. Бірақ, қазақтың пейіліне жерасты байлығы (мұнай, газ) мол кездесіп, ел ырысына айналып отыр. Астрахань облысының қазақ жері екенін жер-су аттары да айтып тұр: Аққөл, Бестөбе, Қарабайлы, Сасыққөл, Құмөзек және т.б. жүздеген елді мекен бар. Сол аймақта күй өнерінің дүлдүлі Құрманғазы Сағырбайұлы (1818-1889) дүниеге келіп, өмір сүрген, қазақтың күй өнерін дамытқан.

қасіреттің барлығы жиыла келе жүрегін жаралап, шығармашылығына әсер етпей қоймады. Өңірге аты шыққан Қоскұлақ Пірімбет деген күйшіден ол тәлім алған. Пірімбет күйшінің кім болғаны туралы дерек жоқ, тек «Қоскұлақ» деген оның ел-жұрт қойған лақап аты екенін білеміз. Ұстазы оған күймен қатар жыршылық өнерді де үйреткен, соның арқасында жеткіншек Мәдіні қалың елі хиссадастандарды мол білетін жыраулығымен де таныған. Зар заманның зардабына ұрынып, өмір қиындықтарының өткелінен өткен Мәдінің күйлерінен, жыр-термелерінен сол ауыр кезең мол орын алды. Айтушылардың сөзіне сенсек, ол отыздан астам күй шығарып, ел арасында сазгер-күйші, жыршы ретінде Қаратау өңірінде танылды. Уақыт өте келе ауыл төңірегіндегі той-томалақ, жиын Мәдісіз сирек өтетін болды. Қолына қоңыр үкілі домбырасын немесе гармонын алып дүйім халық алдында күмбірлетіп күй шертіп, төгілтіп ән-жыр айтып шеберлігімен елді тәнті етті. Жас кезімде өнерлі жан Мәди Шәутиевтің қасында біраз мезгіл бірге жүрдім. Оның шығармаларын нотаға түсіріп, кейінірек республикалық радиодан бердік, ұлттық радио қорында біраз еңбектері сақталған. Заманының дәулескер күйшісі, жыршысы атанған Мәді Шәутиевті тек оның өскен аймағының ғана емес, бүкіл еліміздің мақтанышы, ортақ тұлға деп қабылдаған жөн. Оның бізге жеткізген күйлері өзіндік шежіресімен, ұлыстық ірілігімен құнды болып қала бермек. Ел арасында әлі де жалпы жұрт біле бермейтін талай өнерлі адам бар ғой. Солардың шығармаларын көпшілікке жеткізіп, есімін жаңартып отырсақ несі артық. Көне өнердің мұрасы жоғалмаса, іздеусіз қалмаса дейміз ғой, – деді Ілекең.

Әңгімеге жергілікті қаламгер, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Пернебай Дүйсенбин араласып:

– Ілеке, мен шежіре жинау мақсатымен еліміздің Батыс өңірінің біраз жерін араладым. Шынымды айтсам, оған өмірімнің 9 жылы кетті. Сонда Каспий теңізі жағасындағы Форт-Шевченкода болғанымда, Тарас Шевченконың музей-үйіне бас сұқтым. Мені таңғалдырғаны, украиндықтардың жерлестеріне аса құрметі. Сіз де ол музей-үйде болған шығарсыз?

– Иә, бірнеше рет болдым. Тарас Шевченко туған елінен аластатылып, 1850 жылы әскери қызметке алынып келе жатқанында Орал қаласынан Каспий теңізінің жағасындағы құйынында құм ойнаған, меңіреу Ново-Петровск фортына (Маңғыстаудың Түпқараған мүйісіне) бара жатқанын біліп, сәмбі талдың (вербаның) екі шыбығын өзімен ала кетеді. Тұрағына барғаннан кейін кепе үй қазып, оның жанына әлгі шыбықтарды қадап, күтімге алады. Табиғатты зерттеп, карта мен жергілікті көріністерді қағазға түсіріп, 1857 жылға дейін тұрады. Сол шыбықтар уақыт келе зәулім, қуатты, салалы дарақка айналады. Жергілікті тұрғындар Т.Шевченконың сол кепешік үйі мен сәмбі талдарды кейін ерекше күтімге алып, украиндық азаматтардың қолдауымен әдемі, көрнекті музей-үйге айналдырады.

Қазақта «қара шаңырақ» деген ардақты да киелі сөз бар. Әзіргі көпшілік «Сарысу өңірінің Швейцариясы» деп жүрген Ақтоғайдағы үйіміз біздің қара шаңырағымыз. Бұл үй мен үшін ерекше орын. Бұл үйде анам мен кенже інім тұрды. Анам көз жұмғанша, одан кейін ұзақ жылдар інім Марат бала-шағасымен осында болды. Балалары өсіп, ержетіп, білім алып әр қалада қызметте жүр. Кенже ұлы астанада болатын, соның бала-шағаларына қараймыз деп бірер жыл бұрын сонда қоныс аударды. Енді, қара шаңырағымыз бос тұр, көршілер, ағайындар көз салып отырады. Жазда, демалыста келіп, бірекі күн аунап-қунап қайтамын. Ауыл сыртындағы бейітте әкем, анам, ағам Қордаш мәңгілік құшағында жатыр. Осыдан бірер жыл бұрын келіп, ағайындардың көмегімен Қордаш ағамның басына кесене тұрғыздым.

Иә, сөзден сөз шығады, ертеректе көрші қырғыз ағайындарға барып-келіп жүргенде естіген бір оқиға есіме түсіп отыр, енді соны айтып берейін.

Әлемге әйгілі жазушы Шыңғыс Айтматовтың 60 жылдығы қарсаңында бір топ жапондық журналистер жазушының өмірі жайлы деректі фильм түсірмек болып оның туған жері Алатаудың Манас шыңы бөктеріндегі Шекер айылына (Қырғызстанның Талас облысы) келіп, оның өскен мекенін, үйін түсіргісі келеді. Жергілікті әкімшілік Шыңғыс ағаның туып-өскен ескі тапал, төбесін қамыспен жабылған шатырсыз, көріксіз тоқал үйін киноға түсіруді ыңғайсыз санап, басқа, жаңадан салынған бір көрікті үйді көрсетеді. Сонда жапондықтар: «Жоқ, болмайды, бұл үйдің жаңа үй екені көрініп тұр. Бізге Айтматовтың бала кезінде тұрған бұрынғы ескі үйін көрсетіңіздер» дегеннен соң ғана оның ежелден келе жатқан көріксіз тоқал үйін көрсетуге мәжбүр болады. Сонда жапондықтардың қуанғанын көрсеңіз. Тапал үйді айнала жүгіріп кинокамераға түсіріп, мәзмәйрам болады. Міне, шындықты, шынайылықты, натурализімді жандары жақсы көретін халықтың тарихқа деген көзқарасы! Боямалы өмір, алдау, арбау, жалған сөйлеу қазіргі мына ортамызды шырмауықтай аяусыз орап, тұншықтырып барады. Оған қашан тоқтау болатынын бір Алла біледі, – деді Илья Жақанов.

Ілағаңмен кездесу барысында композитордың шығармашылығын, бекзат болмысын, кісілік келбетін кестелеген Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Ана тілі» газетінің Бас редакторы Қали Сәрсенбайдың «Дүлдүл» атты кітабының тұсаукесері өтті.

Сол кеште бас қосқан топ өнер зерттеушісі Илья Жақановтың аузынан шыққан талай қызықты мәліметтерді ойына тоқып, рухани байып, ерекше риза болғанына куә болдық. Сазгердің әрбір әңгімесі бір кітапқа жүк боларын ұқтық. Қазақтың «Көп жасағаннан емес, көп көргеннен сұра, ақылдас, ой бөліс» деген сөзінің растығына көзіміз жетті, тәнті етті. Ілекеңнің бір өзі бір университет десек, сірә, артық айтқанымыз болмас. Жаратқан Ием бойына құйған өнерді мәпелеп, ұрпақтан-ұрпаққа мирас ету бақыты екінің бірінің маңдайына жазылмаған. Олай болса, атадан балаға жалғасып келе жатқан халық арасындағы күй мен әндерді еліміздің төрт бұрышынан іздеп, олардың шығу тарихын зерттеп, ақ қағазға түсіріп, ізденуден жалықпайтын, ойлы да сазды лирикалық әндер мен құнды мақалалар жазуды өзінің өмірлік кредосына айналдырған Илья ағамызға Құдай қуат беріп, құруар еңбегінің рахатын көре берсін деп тілейміз.

Сағындық ОРДАБЕКОВ,
медицина профессоры,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Жамбыл облысы
Сарысу ауданы
Үшбас ауылы